

## 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізуді ұйымдастыру туралы

### *Күшін жойған*

Қызылорда облысы Қазалы ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 09 сәуірдегі N 132 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаменті Қазалы аудандық Әділет басқармасында 2010 жылы 20 сәуірде N 10-4-118 тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қазалы ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 04 ақпандағы N 52 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қазалы ауданы әкімдігінің 2011.02.04 N 52 Қаулысымен.**

"Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңдарын басшылыққа ала отырып, "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 29 наурыздағы N 960 Жарлығына және "Азаматтарды әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру және өткізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 30 маусымдағы N 623 Қаулысына сәйкес Қазалы ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ауданда он сегізден жиырма жеті жасқа дейінгі, шақыруды кейінге қалдыруға немесе шақырудан босатылуға құқығы жоқ азаматтарды, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткермеген азаматтарды 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу ұйымдастырылсын.

2. Осы қаулының қосымшасына сәйкес азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру мен өткізу жөніндегі аудандық шақыру комиссиясы (бұдан әрі – аудандық шақыру комиссиясы) құрылсын.

3. Қоса беріліп отырған 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу кестесі бекітілсін.

4. "Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің Қазалы ауданы бойынша өкілі К.Азировтен (келісім бойынша):

1) аудандық шақыру комиссиясының құрамында аудандық медициналық комиссиясын құру;

2) медициналық комиссияны қажетті құралдармен, медициналық, шаруашылық мүлікпен және дәрі-дәрмектермен жабдықтау сұралсын.

5. "Қызылорда облысының Ішкі істер Департаменті Қазалы ауданының ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесіне (К.Утеев, келісім бойынша) әскери міндеттілікті орындаудан жалтарған тұлғаларды іздестіру, көпшілік шоғырланатын орындарда және шақырылғандардың жүру маршруттарында қоғамдық тәртіпті сақтауды қамтамасыз ету ұсынылсын.

6. "Қызылорда облысы Қазалы ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінен (Б.Шаймерденов, келісім бойынша) мерзімді әскери қызметке шақырылушыларды жинау бойынша жұмыстарын бақылау мен қалыптастыруды ұйымдастыру сұралсын.

7. Қазалы қаласы, Әйтеке би кенті және ауылдық округ әкімдері "Қызылорда облысы Қазалы ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесі арқылы азаматтардың әскери қызметке шақырылуын жүргізуді ұйымдастыру мен қамтамасыз етуге жәрдемдессін.

8. "Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі (Ш.Айтуғанов) 2010 жылдың сәуір-маусым және қазан-желтоқсанында шақыруға жататын азаматтарға хабарлау және құжаттарды ресімдеу жұмыстарын орындау үшін ақылы қоғамдық жұмыс есебінен жұмыссыз адамдарды бөлуді ұйымдастырсын.

9. "Қызылорда облысы Қазалы ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесі (Б.Шаймерденов, келісім бойынша) атқарылған жұмыстардың қорытындысымен 2010 жылдың 10 шілдесіне және 2011 жылдың 10 қаңтарына аудан әкіміне ақпарат ұсынсын.

10. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазалы ауданы әкімінің орынбасары Т.Жүсіповке жүктелсін.

11. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*АУДАН ӘКІМІ*

*А.КӨШЕРБАЙ*

Қазалы

ауданы

әкімдігінің

2010

жылғы

"9"

сәуірдегі

N 132 қаулысына қосымша



6	Құмжиек ауылдық округі	27, 29	13, 14, 20, 21	9, 14, 16, 18	5, 6, 15,	3, 10, 17, 30	8, 13, 28
7	Басықара ауылдық округі						
8	Көларық ауылдық округі						
9	Арықбалық ауылдық округі	29, 30	12, 20, 28	17, 18	8, 14, 22, 28	9, 17, 23	3, 10, 29
10	Майдакөл ауылдық округі						
11	Алға ауылдық округі	29, 30	14, 21, 28	23, 24	1, 6, 18,	3, 17, 30	1, 8, 29
12	Ақжона ауылдық округі						
13	Бірлік ауылдық округі						
14	Өркендеу ауылдық округі	29	7, 14, 21	10, 23, 24, 30	4, 11, 14, 26	12, 24, 30	2, 14, 20
15	Аранды ауылдық округі						
16	Бозкөл ауылдық округі						
17	Қызылқұм ауылдық округі	29	7, 14, 18	4, 10, 25	12, 15, 25	3, 12, 25	15, 21
18	Тасарық ауылдық округі						
19	Майлыбас ауылдық округі						
20	Сарбұлақ ауылдық округі	28, 29	4, 13, 18	8, 9, 25	4, 8, 15	3, 11, 18	1, 8, 24
21	Шәкен ауылдық округі						

**"2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізуді ұйымдастыру туралы" Қазалы ауданы әкімдігінің қаулысына келісу парағы**

*"КЕЛІСІЛДІ"*

*"Қызылорда облыстық денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің Қазалы ауданы бойынша өкілі*

*К.Азиров* \_\_\_\_\_

*"КЕЛІСІЛДІ"*

*"Қызылорда облысы Қазалы ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы*

*Б.Шаймерденов* \_\_\_\_\_

*"КЕЛІСІЛДІ"*

*"Қызылорда облысының Ішкі істер  
Департаменті Қазалы ауданының  
ішкі істер бөлімі" мемлекеттік  
мекемесінің бастығы  
К. Утеев*\_\_\_\_\_

**"2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында он сегізден жиырма жеті жасқа дейінгі, шақыруды кейінге қалдыруға немесе шақырудан босатылуға құқығы жоқ азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізуді ұйымдастыру туралы" Қазалы ауданы әкімдігінің қаулысына келісу парағы**

Бердібеков Ғалымжан Құдайбергелұлы	"Қызылорда облысы Қазалы ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің келісім-шарт әскери қызметшілерін жинақтау және шақыру бөлімшесінің бастығы	
Әбілбай Қуанышбай Әбдікенұлы	"Қазалы аудандық консультативтік-диагностикалық емхана" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының жасөспірімдер дәрігері;	
Өмірзақов Аманкелді Дәстемұлы	"Қызылорда облысының Ішкі істер Департаменті Қазалы ауданының ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесі бастығының орынбасары	
Алданазарова Зауре Тілекқызы	"Қазалы аудандық консультативтік-диагностикалық емхана" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының мейіркеші	
Тлеумбетова Айгүл Үсейінқызы	"Психологтік-дәрігерлік-педогогикалық консультациясы" мемлекеттік мекемесінің меңгерушісі	